

"Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және төлеуді жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы № 819 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1118 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 501 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.07.2015 № 501 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және төлеуді жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы № 819 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 33, 355-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы»;

кіріспе және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы, «Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары

ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және төлеу қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және төлеуді жүзеге асыру ережесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	Қазақстан Республикасының
Қазақстан	С. Ахметов
Үкіметінің	Республикасы
2013 жылғы	18 қазандағы
№ 1118 қаулысына	
қосымша	
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2006 жылғы	25 тамыздағы
№ 819 қаулысымен	
бекітілген	

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық

әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және төлеу қағидалары

Осы Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы, «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы, «Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі заңдарына сәйкес әзірленді және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және төлеу тәртібін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақылар (бұдан әрі – мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы) – бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, азаматтарға мүгедектік туындаған, асыраушысынан айырылған кезде және жасына байланысты берілетін ай сайынғы ақшалай төлем;

2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі – Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткенде берілетін ай сайынғы ақшалай төлем;

3) мемлекеттік арнайы жәрдемақы – 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жерасты және ашық кен жұмыстарында, жұмыс жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жұмыс өтілі болған адамдарға берілетін ақшалай төлем;

4) уәкілетті ұйым (бұдан әрі – Орталық) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын;

5) Орталық филиалдары – Орталықтың облыстық, Астана және Алматы қалаларының филиалдары;

6) Орталық бөлімшелері – Орталықтың қалалық, аудандық бөлімшелері;

7) Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері – мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі және 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай жұмыс өтілі бар жеке тұлғаларға, еңбек өтіліне барабар жүзеге асырылатын ақша төлемі;

8) зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық органдары;

9) зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым – тиісті банктік операциялардың түрлерін реттеу және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар, «Қазпошта» АҚ аумақтық бөлімшелері;

10) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

11) Орталықтандырылған дерекқор (бұдан әрі – ОДҚ) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттарда төлемдер түрлерін жүзеге асыруға арналған Орталықтың орталықтандырылған дерекқоры;

12) өтініш беруші – зейнетақы төлемдерін және (немесе) жәрдемақыларды тағайындауға өтініш білдіретін адам;

13) зейнетақы төлемдері мен жәрдемақыларды алушылар (бұдан әрі – алушы) – Орталықтан зейнетақы төлемдері мен жәрдемақылар тағайындалған жеке тұлға;

14) «Е-Макет» ААЖ – Орталықтан зейнетақы төлемдері мен жәрдемақыларды электрондық тағайындаудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі.

2. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін беру осы Қағидаларда көзделген Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдеріне өтініш білдіру және тағайындау шарттарында және тәртібінде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беруге, сондай-ақ Орталықтан төленетін зейнетақы

төлемдерін және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындауға өтініш білдіру тәртібі

3. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды және мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды (бұдан әрі – зейнетақылар мен жәрдемақылар) тағайындау үшін зейнетақы мен жәрдемақыларды алуға құқығы бар адамдар тұрғылықты жері бойынша Орталық бөлімшесіне қажетті құжаттарды және олардың көшірмелерін қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандағы өтінішті б е р е д і .

Құжаттардың көшірмелері «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен куәландырылған жағдайларды қоспағанда, Орталық бөлімшесінің маманы құжаттардың ұсынылған түпнұсқалармен салыстырғаннан кейін куәландыруға тиіс.

Зейнетақы мен жәрдемақыларды тағайындау үшін өтінішті және қажетті құжаттарды үшінші адамдардың ұсынуы «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен зейнетақыны немесе жәрдемақыны алуға құқығы бар адамның нотариат куәландырған сенімхаты бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Сот шешімімен іс-әрекетке қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі және қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа мұқтаж деп танылған адамдарға зейнетақы мен жәрдемақыларды тағайындау үшін өтінішті және қажетті құжаттарды олардың қорғаншылары немесе қамқоршылары ұсынады.

4. Өтінішке зейнетақы немесе жәрдемақы алуға құқығы бар адамның жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) болған кезде, оның ішінде асырауындағылардың (асыраушысынан айрылған жағдай бойынша немесе 16 жасқа дейінгі мүгедек балаға мемлекеттік әлеуметтік төлем тағайындау кезінде) мынадай құжаттары қоса беріледі:

1) жеке басын куәландыратын құжат (жеке куәлік, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің тұруына ыхтиярхат, Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін оралман куәлігі);

2) тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы не ауыл әкімдерінің анықтамасы, Байқоңыр қ. тұрғындары үшін Ресей Федерациясы Байқоңыр қ. тұрғын үй шаруашылығының азаматтарына есеп жүргізу және тіркеу жөніндегі бөлімнің анықтамасы);

3) зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банктік

шоттың не түзеу мекемесінің бақылау шотының нөмірі туралы мәліметтер.

Балаға қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленген жағдайда фактінің белгіленгенін растайтын құжат ұсынылады (зейнетақы мен жәрдемақы алушы ұ с ы н а д ы) .

5. Зейнетақыны беру және тағайындау үшін осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген құжаттарға қоса мыналар ұсынылады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстағы үзілістерге қарамастан, 1995 жылғы 1 қаңтардан бергі кезеңдегі қатарынан кез келген 3 жылғы орташа айлық табысы туралы ұйымның (кәсіпорынның) а н ы қ т а м а с ы ұ с ы н ы л а д ы .

Ұйым (кәсіпорын) таратылған жағдайда табыс туралы мәліметтер көрсетілген мұрағат а н ы қ т а м а с ы ұ с ы н ы л а д ы .

Ұйымның (кәсіпорынның) орташа айлық табыс туралы анықтамасын беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, «Байқоңыр» кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген кезеңде алған табысты қоспағанда, 1998 жылғы 1 қаңтардан бергі кезеңге Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін алынатын орташа айлық табыстың мөлшері, жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкес белгіленеді;

2) зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар адамның еңбек өтілін растау үшін, олардың бар-жоғына қарай мынадай құжаттар ұсынылады:
ең б е к к і т а п ш а с ы ;
б і л і м і т у р а л ы к ұ ж а т ;

әскери билет немесе қалалар мен аудандардың қорғаныс істері жөніндегі басқармалары мен бөлімдерінің анықтамасы;

балалардың туу туралы куәліктері (немесе азаматтардың хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбасы немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) мен балалардың мынадай құжаттарының біреуі:
ж е к е к у ә л і к ;

неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы анықтама не некені бұзу туралы куәлік немесе неке кию туралы анықтама ж а з б а д а н ү з і н д і к ө ш і р м е) ;

орта оқу орнын бітіргені туралы аттестат;
арнаулы орта немесе жоғары оқу орнын бітіргені туралы диплом немесе оқу орнынан білім алғанын растайтын анықтама;

балалардың тұрақты тұратын жері бойынша тіркелген орнын растайтын к ұ ж а т ;

балалардың қайтыс болуы туралы куәлік (немесе азаматтардың хал актілерін жазу органдары берген қайтыс болғаны туралы актілік жазбасы немесе

азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама);
1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі жұмыс кезеңінде сақтандыру жарналарының Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына төленгені туралы салық органының анықтамасы («Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 5) және 17) тармақшаларына сәйкес өтілді е с е п к е а л у к е з і н д е) ;
а қ т а л у ы т у р а л ы а н ы қ т а м а ;

әскери ұрыс қимылдарына қатысқаны туралы әскери комиссариаттың а н ы қ т а м а с ы ;

бірінші топтағы мүгедекке, екінші топтағы жалғызділікті мүгедекке, бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерге, сексен жасқа толған қарттарға, атом сынақтарының, экологиялық апаттар салдарынан зардап шеккен немесе адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған не ЖИТС-пен ауыратын 16 жасқа дейінгі мүгедекке күтімді жүзеге асыру фактісін және кезеңін р а с т а й т ы н с о т т ы ң ш е ш і м і ;

1949 жылғы 29 тамыздан 1963 жылғы 5 шілде аралығында төтенше және аса жоғары радиациялық қатер аймақтарында тұру фактісін растайтын құжат; егер еңбек қызметі туралы жазбалар еңбек кітапшасына енгізілмесе немесе түзетулер бар болса, мұрағат мекемелерінен немесе жұмыс орнынан анықтама;

бұрынғы кеңестік мекемелердің, Қазақстан Республикасы мекемелерінің және халықаралық ұйымдар қызметкерлерінің – жұбайының (зайыбының) шетелде тұрғанын р а с т а й т ы н а н ы қ т а м а ;

әскери қызметшілердің жұбайының (зайыбының) жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоқ жерлерде тұрғанын растайтын анықтама;

арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерінің жұбайының (зайыбының) мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоқ жерлерде тұрғанын р а с т а й т ы н а н ы қ т а м а ;

неке және (немесе) некені бұзу туралы куәлік не азаматтардың хал актілерін жазу органдары берген некеге тұру және (немесе) некені бұзу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме, азаматтардың хал актілерін тіркеу туралы анықтама (т е г і н ө з г е р т к е н к е з д е) .

6. Мүгедектігі бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау үшін осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген құжаттармен қатар, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі аумақтық органдарының медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдері мүгедектігі туралы белгіленген нысандағы анықтамадан үзінді к ө ш і р м е н і ұ с ы н а д ы .

Бұдан басқа, олардың бар-жоғына қарай, мынадай құжаттар ұсынылады:

1) радиациялық әсерге ұшыраған адамдардың ауруының, мүгедектігінің себептік байланысын белгілеу жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық кеңес ш е ш і м і ;

2) Орталық әскери-дәрігерлік комиссияның шешімі;

3) ауруы туралы госпиталь берген куәлік не әскери-дәрігерлік комиссияның қ о р ы т ы н д ы с ы ;

4) 16 жасқа дейінгі мүгедек баланың туу туралы куәлігі.

7. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау үшін осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген құжаттармен қоса, асыраушысының қайтыс болғаны туралы куәлік не адамды хабарсыз кеткен немесе қайтыс болған деп тану туралы соттың ш е ш і м і ұ с ы н ы л а д ы .

Бұдан басқа, олардың бар-жоғына қарай, мынадай құжаттар ұсынылады:

1) асырауындағы адамның қайтыс болған адаммен туыстық қатынастарын растайтын құжат (туу туралы, неке туралы, некені бұзу туралы, әкесі екенін (анасы екенін) анықтау туралы куәлік, жеке куәлік және тағы басқалар);

2) егер туу туралы куәлікке әкесі туралы мәліметтер анасының мәлімдеуі бойынша енгізілсе, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің азаматтық хал актілерін тіркеу жөніндегі органдарының белгіленген нысандағы анықтамасы ;

3) қорғаншылықты (қамқоршылықты) растайтын құжат;

4) 18-ден 23 жасқа дейінгі адамдардың күндізгі оқу бөлімінің оқушылары болып табылатыны туралы оқу орнының осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысандағы анықтамасы (жыл сайын оқу жылы басталғанда беріледі);

5) қаза тапқан (қайтыс болған) адамның әскери билеті не әскери қызмет өткергені туралы анықтамасы ;

6) әскери қызметшінің, ішкі істер органдары мен бұрынғы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерінің қаза болуы немесе қайтыс болуы қызметтік міндеттерін атқару кезінде немесе әскери қызмет өткеру кезінде алған жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруы салдарынан туындағанын растайтын анықтама .

Қайтыс болған адамның сегіз жасқа толмаған балаларын, інілерін, қарындастарын немесе немерелерін күтумен айналысатын адамдар бұған қоса мынадай құжаттарды ұсынады :

1) еңбек қызметін тоқтатқанын растайтын еңбек кітапшасы (көшірме жыл сайын еңбек кітапшасының түпнұсқасымен салыстырылады);

2) тұлғаның жеке кәсіпкер ретінде тіркелмегені туралы салық органының анықтамасы (жыл сайын жаңартылады) .

8. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі мен жасына байланысты берілетін

мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген құжаттардың негізінде тағайындалады.

9. Мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау үшін осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген құжаттармен қоса мыналар ұсынылады:

1) еңбек кітапшасы;
2) ұйымның жұмыс сипатын немесе еңбек жағдайларын растайтын, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысандағы анықтама;

3) білімі туралы құжат;
4) әскери билет немесе қалалар мен аудандардың қорғаныс істері жөніндегі басқармалары мен бөлімдерінің анықтамасы;

5) балалардың туу туралы куәліктері (немесе азаматтардың хал-актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазба немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) мен балалардың мынадай құжаттарының біреуі:
жеке куәлік;

неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы анықтама не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы анықтама жазбадан үзінді көшірме);

орта оқу орнын бітіргені туралы аттестат;
арнаулы орта немесе жоғары оқу орнын бітіргені туралы диплом не оқу орнынан білім алғанын растайтын анықтама;

балалардың тұрақты тұратын жері бойынша тіркелген орнын растайтын құжат;

балалардың қайтыс болғаны туралы куәлік (немесе азаматтардың хал актілерін жазу органдары берген қайтыс болғаны туралы актілік жазбасы немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама).

Ұйым таратылған жағдайда жұмыс орны, жұмыс істеген лауазымы, кәсібі, жұмыс кезеңдері, мұрағат ісінің нөмірі, оның беттері көрсетілген, мөрмен және мұрағат директоры мен мұрағатшының қолы қойылып расталған мұрағат анықтамасы ұсынылады.

Мұрағат құжаттары болмаған кезде, жұмыстың сипаты немесе еңбек жағдайлары мен олардың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Жерасты және ашық кен жұмыстарындағы, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің лауазымдар мен көрсеткіштердің № 1 тізіміне немесе Еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің № 2 тізіміне сәйкестігі сот органдары арқылы белгіленеді.

3. Зейнетақылар мен жәрдемақыларды беру және тағайындау тәртібі

10. Орталық бөлімшесі зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау үшін өтініш берушіден алынатын құжаттар жиынтығының толықтығын тексереді, өтініш беруші ұсынған құжаттар көшірмелерінің сапасын және түпнұсқаларға сәйкес болуын қамтамасыз етеді.

Құжаттарды қабылдау кезінде Орталық бөлімшесі: зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау үшін «Е-Макет» ААЖ-да өтініш берушіде оларды тағайындау немесе төлеу фактісінің болмауын; зейнетақы тағайындау үшін табысы туралы анықтамада көрсетілген сомалардың салымшының транзиттік шотындағы айналымдардың электрондық үзінді көшірмесіне сәйкес келуін; асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау үшін сот хабар-ошарсыз кетті немесе қайтыс болды деп таныған адамның сот шешімі күшіне енгеннен кейінгі кезеңге 10 пайыз міндетті зейнетақы жарналарын аударуын тексеруді жүзеге асырады.

Табысы туралы анықтамада көрсетілген аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомалары салымшының транзиттік шотындағы айналымдардың электрондық үзінді көшірмесіне сәйкес келмеген немесе толық сәйкес келмеген жағдайда Орталық бөлімшесі жұмыс берушіде анықталған айырмашылықтарды нақтылау үшін табыс туралы анықтаманың Орталық бөлімшесі бастығының қолы қойылған және мөрмен расталған көшірмесін зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш білдірген өтініш берушіге қайтарады.

Табыстары туралы расталған анықтама ұсынылғанға дейін зейнетақыны тағайындауды уәкілетті орган оларды есепке алмай жүргізеді.

Зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындауға өтініш құжаттардың толық жиынтығымен қоса осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша журналда тіркеледі.

Түпнұсқада ұсынылған құжаттар (еңбек кітапшасын қоспағанда) құжаттардың қабылданғаны туралы белгісі бар өтініштің үзбелі талонымен қоса өтініш берушіге осы Қағидалардың 21-тармағына сәйкес қайтарылады.

Өтініш берушіде зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындауға өтініш берген кезде оларды «Е-Макет» ААЖ-да тағайындауы немесе төленуі туралы жағдайы анықталған болса, Орталық бөлімшесі өтініш берушіні осы Қағидаларға 5-1-қосымшаға сәйкес өтінішті қабылдамау туралы хабардар етеді.

11. Орталық бөлімшесі өтінішті тіркеген күні журналда іске нөмір қояды, осы Қағидаларға 6, 7-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша зейнетақы немесе жәрдемақы алушының іс макетін және Орталық бөлімшесінде өтінішті тіркеген

күннен бастап үш жұмыс күні ішінде алушының электрондық іс макетін қалыптастырады.

Орталық бөлімшесінің маманы электрондық іс макетін қалыптастыру үшін іс макетін сканерлейді, сканерленген құжаттардың сапасын және олардың қағаз жеткізгіштегі макетке сәйкестігін тексереді, осы Қағидаларға 8-13-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы электрондық шешім жобасын (бұдан әрі – электрондық шешім жобасы) қалыптастырады, электрондық шешім жобасын ЭЦҚ-мен куәландырады.

Орталық бөлімшесінің бастығы электрондық іс макетінің қағаз жеткізгіштегі макетке сәйкестігін салыстырып тексереді, сканерленген құжаттардың сапасын, зейнетақы немесе жәрдемақы мөлшерін есептеудің, электрондық шешім жобасының ресімделу дұрыстығын тексереді және оны ЭЦҚ-мен куәландырады.

Орталық филиалы келіп түскен электрондық іс макеті мен электрондық шешім жобасын екі жұмыс күні ішінде қарайды, есептеудің және электрондық шешім жобасының ресімделу дұрыстығын тексереді, содан кейін уәкілетті органға жібереді. Бұл ретте электрондық шешім жобасы Орталық филиалының маманы мен басшысының ЭЦҚ-мен куәландырылады.

Уәкілетті органның және зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымның электронды өзара іс-қимылы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Уәкілетті орган электрондық іс макетін электрондық шешім жобасымен қоса қарайды, уәкілетті органға келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

Шешім басқарма (бөлім) маманының, басшысының және уәкілетті орган басшысының ЭЦҚ арқылы куәландырылған зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы электрондық цифрлық нысандағы құжатты (бұдан әрі - шешім) білдіреді. Шешімнің нөмірі мен күні автоматты режимде беріледі.

Осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау туралы хабарлама шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Орталық бөлімшесіне автоматты режимде жіберіледі.

Хабарлама уәкілетті органның жауапты адамының ЭЦҚ-мен куәландырылады.

Уәкілетті органның маманы шешімді осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы немесе жәрдемақыны тағайындау туралы шешімдерді тіркеу журналында тіркейді.

Уәкілетті орган шешімі бар электрондық іс макетін Орталық бөлімшесіне жібереді.

13. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы үлесін алуға құқығы бар адамдар өтінішпен және осы Қағидалардың 4, 7-тармақтарында көрсетілген құжаттарымен тұрақты тұрғылықты жеріндегі Орталық бөлімшесіне жүгінеді.

Үлес алушының тұрақты тұрғылықты жеріндегі Орталық бөлімшесі асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау туралы өтінішті және оған қоса берілген құжаттарды келіп түскен күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде сканерлейді, сканерленген құжаттардың сапасын тексереді, Орталық бөлімшесінің маманы мен бастығының ЭЦҚ-мен растайды және оларды Орталық филиалы арқылы негізгі алушының тұрғылықты жеріндегі Орталық бөлімшесіне жібереді.

Негізгі алушының тұрғылықты жеріндегі Орталық бөлімшесі негізгі алушыға асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындауға арналған шешімнің электрондық жобасын, үлес алушының жәрдемақы мөлшерін көрсете отырып, келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде толтырады және оны Орталық филиалы арқылы уәкілетті органға жібереді.

Орталық филиалы екі жұмыс күні ішінде келіп түскен электрондық іс макеті мен электрондық шешім жобасын қарайды, оны есептеу және рәсімдеу дұрыстығын тексереді және уәкілетті органға жібереді. Бұл ретте электрондық шешім жобасы Орталық филиалының маманы мен басшысының ЭЦҚ-мен расталады.

Уәкілетті орган электрондық іс макеті мен электрондық шешім жобасын келіп түскен күнінен бастап қарайды, бес жұмыс күні ішінде асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы уәкілетті орган қабылдаған шешім басқарма (бөлім) маманының, басшысының және уәкілетті орган басшысының ЭЦҚ-мен расталады. Электрондық шешім негізгі және үлес алушының тұрғылықты жеріндегі Орталық бөлімшесіне қайтарылады.

14. Орталық бөлімшесінің қызметкері жіберген қателер анықталған жағдайда, уәкілетті орган электрондық іс макеті уәкілетті органға келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның жауапты адамының ЭЦҚ-мен куәландырылатын хабарламада көрсетілген қателерді жою үшін электрондық іс макетін уәкілетті органға жете ресімдеуге қайтарады.

15. Ұсынылған электрондық іс макетінде шешім қабылдау үшін қажетті құжаттың (құжаттардың) жоғы анықталған жағдайда уәкілетті орган электрондық іс макеті Орталық бөлімшесіне келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде іс макетін шешім жобасы мен қоса, жетіспейтін құжатпен (құжаттармен) толықтыру үшін электрондық іс макетін Орталық бөлімшесіне жете ресімдеуге қайтарады.

Орталық бөлімшесі уәкілетті органнан Орталық бөлімшесіне келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіні осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның жауапты адамының ЭЦҚ-мен куәландырылатын хабарламада көрсетілген қосымша құжаттарды жиырма бес жұмыс күні ішінде ұсыну қажеттігі туралы хабардар етеді.

Орталық бөлімшесі өтініш беруші қосымша құжаттарды ұсынған кезде осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген тәртіппен электрондық іс макетін дайындайды.

Егер электрондық іс макеті Орталық бөлімшесіне келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде құжаттар жете ресімделмесе, уәкілетті орган зейнетақыны немесе жәрдемақыны қолда бар құжаттар бойынша тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы электрондық шешім шығарады.

16. Кейіннен қажетті барлық құжаттармен қайта өтініш берген күн өтініш білдірген күн болып есептеледі.

17. Зейнетақыны немесе жәрдемақыны тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган шешімде бас тарту негіздемесін көрсетеді.

Электрондық іс макеті, уәкілетті органның шешімі және осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бас тарту туралы хабарлама Орталық бөлімшесіне қайтарылады.

Хабарлама уәкілетті органның жауапты адамының ЭЦҚ-мен куәландырылады.

18. Ұсынылған құжаттардың дұрыстығына күмән туындаған жағдайда, уәкілетті орган бұл туралы өтініш берушіге Орталық бөлімшесі арқылы хабарлай отырып, бес жұмыс күні ішінде тиісті ұйымдарға сұрау салуды жібереді.

Тексерілетін мәліметтердің растамасы келіп түскенге дейін уәкілетті орган зейнетақыны немесе жәрдемақыны оларды есепке алмай тағайындайды, электрондық іс макеті және осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның хабарламасы Орталық бөлімшесіне қайтарылады.

Хабарлама уәкілетті органның жауапты адамының ЭЦҚ-мен куәландырылады.

Орталық бөлімшесі зейнетақының немесе жәрдемақының мөлшерін қайта есептейді және осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген тәртіппен

электрондық іс макетін дайындайды.

Ұсынылған құжаттардың дұрыстығына растама алынғаннан кейін зейнетақының немесе жәрдемақының мөлшері оларды тағайындауға өтініш берілген күннен бастап қайта каралады.

Орталық бөлімшесінің зейнетақының немесе жәрдемақының мөлшері туралы электрондық шешім жобасын дайындауы және оны уәкілетті органның бекітуі осы Қағидалардың 11, 12-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

19. Сканерленіп ұсынылған құжаттардың дұрыстығына күмән туындаған жағдайда, уәкілетті орган электрондық іс макетімен салыстырып тексеру үшін Орталық бөлімшесінен қағаз жеткізгіштегі іс макетін сұратады.

20. Зейнетақыларды немесе жәрдемақыларды тағайындау және олардың мөлшерлерін өзгерту кезінде тиындармен есептелген барлық сомалар, тиындардың сомасына қарамастан бір теңгеге дейін дөңгелектеуге жатады.

21. Уәкілетті орган бекіткеннен кейін, Орталық бөлімшесінің маманы «зейнетақы тағайындалды» деген белгі қойып, еңбек кітапшасын өтініш берушіге қайтарады.

22. Жасына байланысты берілетін зейнетақыны толық емес көлемде тағайындау кезінде зейнетақы мөлшері толық зейнетақыдан 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтіліне барабар үлес ретінде есептеледі.

Өтілдегі толық айлардың саны талап етілетін жұмыс өтілі айларының санына бөлінеді және табыстың 60 пайызына тең толық зейнетақы мөлшеріне көбейтіледі.

Заңнамада талап етілетін табыс болмаған жағдайда, толық емес көлемдегі зейнетақы төлемін есептеу тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленетін ең төменгі зейнетақыны негізге ала отырып жүзеге асырылады.

«Байқоңыр» кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген адамдарға жасына байланысты зейнетақыны есептеу зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш жасаған күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген, Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамы бойынша Ресей Федерациясының валютасымен төленген табыс мөлшері негізге алына отырып жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының ресми курсының үзінді көшірмесін Орталық бөлімшесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсынан жүзеге асырады.

23. Зейнеткерлік жасқа жеткен азаматтың тілегі бойынша мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар Орталықтан төленетін зейнетақы төлемімен аустырылуы мүмкін.

Бұл ретте егер зейнетақының мөлшері мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының мөлшерінен кем болса, онда зейнетақының мөлшері мүгедектігі бойынша берілетін жәрдемақының осы санаттағы мүгедектерге белгіленген мөлшеріне дейін және отбасының еңбек етуге қабілетсіз мүшелеріне асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша белгіленген жәрдемақы мөлшеріне дейін жеткізілуге т и і с .

24. Зейнетақы алушы зейнетақы тағайындау үшін бұрын ұсынылған құжаттарды толықтыратын 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтілі, 1995 жылғы 1 қаңтардан бергі табысы туралы құжаттарды ұсынған кезде, зейнетақының мөлшерін өзгерту, жүргізілген арттыруларды ескере отырып, өтілі туралы немесе зейнетақыны бастапқы тағайындаған кезде тапсырылған кезеңдегі табысы туралы қосымша құжаттарды қоса отырып, өтініш берген күнінен бастап жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Өтініш осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазылады және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысандағы журналға тіркеледі. Орталық бөлімшесі төлемнің мөлшерін өзгерту туралы шешімінің жобасын дайындауы және уәкілетті органның оны бекітуі осы Қағидалардың 11, 12-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

25. Осы Қағидалардың 7-тармағының 4) тармақшасында көзделген анықтама уақытында ұсынылмаған жағдайда, үлес алушының асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін жәрдемақы мөлшерін қайта қарау анықтама ұсынылған күннен бастап жүзеге асырылады.

26. Мүгедек балаға берілетін мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны ресімдеу кезінде, іс мүгедек балаға ресімделеді, бірақ шешімнің жобасында ата-анасының немесе қорғаншысының (қамқоршысының) тегі қ о с ы м ш а к ө р с е т і л е д і .

27. Сот шешімімен іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) адам үшін төлем алатын алушы, қамқоршы (қорғаншы) ауысқан, алушының тегі, аты туған күні өзгерген, зейнетақыны немесе жәрдемақыны тағайындау туралы шешім қолданысының мерзімі ұзартылған, мүгедектік тобы немесе асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақымен қамсыздандырылатын, отбасының іс-әрекетке қабілетсіз мүшелерінің саны өзгерген және зейнетақы немесе жәрдемақы мөлшеріне әсер ететін және әсер етпейтін жағдаяттар туындаған жағдайда Орталық бөлімшесі жаңадан ұсынылған құжаттармен (олар болған кезде) толықтырылған электрондық іс макетін электрондық шешім жобасымен қоса дайындауды және оны уәкілетті органның бекітуі осы Қағидалардың 11, 12-тармақтарға сәйкес жүргізіледі.

28. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жыл сайынғы

арттыруға, айлық есептік көрсеткіштің, ең төменгі күнкөріс деңгейінің, зейнетақының ең төменгі мөлшерінің, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі мөлшерінің өзгеруіне байланысты зейнетақы мен жәрдемақы мөлшерін өзгертуді уәкілетті орган осы Қағидаларға 19-24-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша Орталық бөлімшесі дайындаған электрондық шешім жобасының негізінде жүргізеді.

29. Зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау туралы шешім қабылданғаннан кейін Орталық бөлімшесі зейнетақы немесе жәрдемақы алушының мәртебесін растайтын ресми құжат болып табылатын осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысандағы куәлікті жазады және қолын қойғызып береді.

Куәлікті беру осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысандағы журналға тіркеледі.

Алатын төлемдердің түрі немесе мөлшері өзгерген жағдайда, Орталық бөлімшесі болған өзгерістер туралы куәлікке қосымша бетте қажетті жазба жасайды, олар Орталық бөлімшесінің мөртаңбасымен расталады.

Куәлікті үшінші адамдарға беру «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген тәртіппен зейнетақыны немесе жәрдемақыны алуға құқығы бар адамның нотариат куәландырған сенімхаты бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың тұрғылықты жері өзгерген кезде зейнетақы мен жәрдемақы беру және тағайындау тәртібі

30. Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген адам зейнетақы мен жәрдемақы беру және тағайындау үшін осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және осы Қағидалардың 4-9-тармағында көзделген құжаттарды ұсынады.

Орталық бөлімшесі өтініш берушінің бұрынғы тұрған жеріндегі зейнетақы ісін (жәрдемақы алушының ісін) сұратуды жүзеге асырады.

31. Басқа елдерден Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген адамдарға зейнетақы мен жәрдемақы беру және тағайындау Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы, «Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен

қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

32. Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген, бұрын Қазақстан Республикасында зейнетақы тағайындалған адамдардың: Қазақстан Республикасында бұрын тағайындалған зейнетақы төлемін Қазақстан Республикасы шегінен тыс кету сәтінде белгіленген мөлшерде қалпына келтіруді не «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жаңа тағайындау рәсімінен өтуді таңдауға құқығы бар.

33. Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен және қайта оралған адамдарға кеткен елінде төлем алмаған жағдайда зейнетақы мен жәрдемақы төлеу кеткен елінің уәкілетті органдары берген төлем алмағаны туралы анықтаманы ұсынған кезде, төлем тоқтатылған күннен бастап, бірақ оларды алу үшін өтінім жасардың алдындағы үш жыл ішіндегі мөлшерден асырылмай қалпына келтіріледі.

Бұл ретте зейнетақы Қазақстан Республикасы шегінен тысқары жерге кету сәтінде белгіленген мөлшерде қалпына келтіріледі. Егер кету кезеңінде зейнетақыларды арттырулар жүргізілген болса, оның мөлшері осы арттыруларды ескере отырып белгіленеді.

34. Алушылар республиканың басқа өңірлеріне кеткен жағдайда, алушы жаңадан тұратын жері бойынша осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш пен Қағидалардың 4-тармағында көзделген құжаттарды ұсынады.

Орталық бөлімшесі өтініш берушінің бұрынғы мекенжайы бойынша зейнетақы ісіне (жәрдемақы алушының ісіне) сұрау жасайды.

35. Республиканың басқа өңірлеріне кеткен адамдардың зейнетақы ісі немесе жәрдемақы алушының ісі Орталықтың басқа бөлімшелерінің сұратуы бойынша осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысандағы анықтама-аттестатпен қоса жіберіледі.

36. Орталық бөлімшесі Қазақстан Республикасынан тыс жерге кетушінің өтініші негізінде зейнетақы ісін немесе жәрдемақы алушының ісін қолына береді немесе басқа елдердің уәкілетті органдарының сұратуы бойынша жіберіледі.

Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кетушілерге зейнетақы мен жәрдемақы төлеу әділет органдарында тіркеуден шығарылған айын қоса жүргізіледі.

5. Зейнетақы мен жәрдемақы төлеу тәртібі

37. Орталық бөлімшесінің маманы уәкілетті орган қабылдаған зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімдері негізінде ОДҚ-ға зейнетақыларды немесе жәрдемақыларды төлеуге қоюды жүзеге асырады.

Зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама өтініш беруші Орталық бөлімшесіне өзі келген кезде беріледі.

Уәкілетті органның зейнетақыны немесе жәрдемақыны тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы қағаз жеткізгіштегі шешімін Орталық бөлімшесінің маманы зейнетақы немесе жәрдемақы алушының ісіне тігеді.

38. Алушының банктік шотының нөмірі, алушының және/немесе қорғаншының тұрғылықты жері өзгерген жағдайда алушы Орталық бөлімшесіне осы өзгерістер туралы, тиісті өзгерістерді растайтын құжаттарды қоса, өтініш береді. Орталық бөлімшесінің маманы ОДҚ-ға тиісті өзгерістер жүргізеді, тиісті өзгерістерді растайтын құжаттар көшірмесімен қоса өтініш зейнетақы немесе жәрдемақы алушының ісіне тігіледі.

39. Шетелдікке және азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында зейнетақы немесе жәрдемақы төлеуді Орталық бөлімшесі Қазақстан Республикасы аумағында оның жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімі ішінде уәкілетті орган шешімінің негізінде жүргізеді.

Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін зейнетақы немесе жәрдемақы төлемі тоқтатыла тұрады, ал құжаттың қолданылу мерзімі ұзартылған кезде тоқтатылған зейнетақы мен жәрдемақы төлемдері Орталық бөлімшесі тоқтатқан күннен бастап қайта жаңартылады.

40. Орталық бөлімшелері:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің азаматтық хал актілерін тіркеу жөніндегі органдары, ауылдық әкімдер, жергілікті атқарушы органдардың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар аумақтық органдары ұсынатын қайтыс болғандар мен қайтыс болды деп жарияланған адамдардың тізімдерін және әділет органдары ұсынатын Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткендердің тізімдерін ай сайын ағымдағы айдың 25-күнінен кешіктірмей салыстырып тексеруді, «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорында қайтыс болды деп тіркелгендерді электрондық салыстырып тексеруді;

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті ұсынатын консулдық есепке тұрған және шет мемлекеттің аумағында тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының тізімдерін, шет мемлекеттің аумағында тұрған, қайтыс болған Қазақстан Республикасы азаматтарының тізімдерін (ақпараттың түсуіне қарай) тоқсан сайын салыстырып

т е к с е р у д і ;

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ұсынатын хабарсыз кеткен, іздеуде жүрген адамдардың тізімдерін ай сайын салыстырып тексеруді;

оқып жүрген адамды оқу орнынан шығарған немесе сырттай оқыту нысанына ауыстырған жағдайда оқу орындарының хабарламасын салыстырып тексеруді;

